



# Отбасы – бала тәрбиесінің бастауы ретінде





*“Қашан бала  
ғылым-білімді  
махаббатпен  
көксерлік болса,  
сонда ғана оның  
аты Адам  
болады.”*

*(А. Құнанбаев)*




*Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі білсем екен демекілік. Не көрсе соған талпынып, “ол немене?”, “бұл немене?” деп, “ол неге үйтеді?”, “бұл неге бүйтеді?” деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дегені. (А. Құнанбаевтың жетінші қара сөзі)*



# *Отбасы*

*Отбасы – адам баласының өсіп – өнер алтын ұясы. Адам өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасынан басталады. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата – ана өздерінің негізгі борыштарын – тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі. Отбасының ең негізгі қызметі ұрпақ жалғастыру болса, екінші кезекте сол ұрпағына дұрыс тәрбие беру қызметі тұрады.*



## *Отбасындағы тәрбиелік қызметі*

*бұл отбасының аса маңызды қызметінің бірі болып табылады. Себебі, отбасынан алған тәрбиені , қоғамдық тәрбиенің ең тиімді деген жүйесі де алмастыра алмайды. Оның негізгі баланы өмірге келтіру ғана емес, мәселе әлеуметтік –мәдени ортаның құндылығын қабылдаптыру, үлкен ұрпақтың тәжірибесін ұрпаққа жеткізу, бойына сіңіру,яғни дүниеге келулеріне себеп болған балаларын ,өздерін қоршаған ортаға және адамзатқа, өз қоғамына пайдалы мүше етіп жеткізу.*



*Отбасының тәрбиелік қызметімен тікелей байланысты жағы - оның дамушылық қызметі. Оның мәнісі мынада. Ата-аналар балаларының жеке ерекшеліктеріне ертерек назар аударуы керек. Сонда ғана балалар өздерінің табиғи қабілеті мен дарындылығын көрсете алады. Жас күнінен бастап балалардың қабілетін танып, соған сәйкес тәрбие, бағыт-бағдар берудің маңызы айрықша. Балалардың ақыл-ой, еңбек қабілетін іске асыруы отбасында қалыптасады. Бұл балаға да, отбасының естияр мүшелеріне де тікелей қатысты. Ата-ана балаларына жақсы тәрбие беру жөнінде*



## *Естеріңізде ұстаңыз:*

*□ Баланы әлсіз деп бағаламай, оның жақсылық жағын да көру керек.*

*□ Жылы сөзді аямаңыз.*

*□ Бір нәрсені орындағанда мақтап, орындамағанда сынаңыз. Мақтағанда жеке түрде мақтап, сынағанда елеусіздеу сынауға тырысыңыз.*

*□ Олардың алдына орындалатын міндеттерді қойыңыз.*

*□ Бұйырудың орнына өзіңе тең адамша кеңес, көмек сұрауға тырысыңыз.*

*□ Мүмкіндігіне қарай бір қателік үшін екі рет жазалауға тырыспаңыз. Бала өзін не үшін жазалағанын түсінуі тиіс. Көп жағдайларда баланы мазалау, шектен тыс талап қою нәтиже бермейді.*













## *Ата-ана мен бала үйлесімділігі*

*Отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады. Осыған орай, отбасында еңбексүйгіштікке, баланың жасына сай еңбек түрлеріне және қоғамдық – пайдалы еңбекке баулуды іске асыру қажет. Жасөспірімнің «жауына» айналмас үшін онымен қарым-қатынасыңыз қандай болу керек? Жасөспірім қарым-қатынасында ең маңыздысы – «ойнамау», жағдай мен көңіл-күйге байланысты өзгеруге икемділігіңізді көрсетуіңіз керек, баланың пікіріне құлақ асу, оның тұлғасын құрметтеу керек.*







*Ата-аналардың бұйрық беріп, жетекшілік жасау уақыты әлдеқашан өтіп кетті. Сондықтан балаңызға айғайлап ұрысқаннан еш нәтиже шықпайды. Сіз жеңіліске ұшырайсыз. Оның орнына өзіңізді ұстамды, дәрежелі көрсетіп, нақты ісіңізбен ғана қарым-қатынасты орната аласыз. Жасөспірімдік жастың бір ерекшелігі – өз ісінің дұрыстығын дәлелдеу болып табылады. Оны түсіну қиын, алайда балаңызбен бірге тәуекелге бел байлауға тура келеді. Осылайша оған біршама жақын болып, өзіңіздің тапқырлығыңызды көрсетесіз.*

*Әзіл мен оптимистік сезімді ұмытпаған дұрыс. Жасөспірім басынан өткен оқиғаның бәрінде трагедияның үлесі бар деп ойлайды. Сондықтан бұл жерде сіздің тарапыңыздан әзілдеу көмекке келеді. Алайда баланың сезіміне күлудің еш қажеті жоқ, әзіл сол қалыптасқан жағдайдың өзіне бағытталуы керек.*





# *Ата –аналардың міндеті*

- ❖ Бала тәрбиесі негізі ата-анада жатқанын естен шығармауға;*
- ❖ Мектеппен байланыста болып, баланың сабақтан қалмауын, кешікпей келуін қадағалауға;*
- ❖ Балалардың өмірі мен оқуы үшін олардың рухани дамуын, адамгершілік жазынан қалыптасуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға;*
- ❖ Баланы оқулықтар мен басқа оқу құралдарымен толық қамтамасыз етуге;*
- ❖ Салауатты өмірді насихаттауда баласына үлгі көрсетуге;*
- ❖ Баланың жеке басын қорлайтындай жаза қолданбауға;*
- ❖ Мұғалімдердің құқың, беделін, абыройын сыйлауға;*
- ❖ Көше ережелерін сақтауды еске салып тұруға;*
- ❖ Үнемі сынып жетекшісімен тығыз байланыста болып, ата –аналар жиналысына қатысып отыруға.*







# *Тәрбиеге қатысты кеңестер*

- ✓ *Баланың тәрбиесін қолға алғанда жаман көңіл-күймен бастаған дұрыс емес.*
- ✓ *Ең алдымен баладан не талап етесіз, соны жақсылап анықтап алыңыз және балаға түсіндіріп, осы ұсынысқа қалай қарайды сол жайлы біліп алыңыз.*
- ✓ *Балаңызға еркіндік беріңіз. Әрбір қадамын тексермей, тек қана тәрбиелей біліңіз.*
- ✓ *Балаңызға дайын шешімді шеше білуге көмектеспеңіз, керісінше оған жетудің жолын көрсетіңіз, уақыты келгенде балаңызбен мақсатқа жетудің шынайы және өтірік қадамдарын ажыратыңыз.*
- ✓ *Балаңыздың ең алғашқы арманына жеткен уақытты жіберіп алмаңыз.*
- ✓ *Уақытында ескерту жұмыстарын жасаңыз, жағдайды бағалаңыз, содан соң пауза жасап, естілген сөздерді қабылдауға мүмкіндік беріңіз. Ең алдымен жеке тұлғаны емес, ал жағдайды бағалау керек. Баланың жасаған қателіктеріне қарамастан, балаға мейірім көрсетіңіз, жанынан табылыңыз.*
- ✓ *Тәрбие бірнеше кезеңдерден тұрады. Тәрбие қатал болуы керек, сонымен қатар мейірімді де.*





## ***12-17 жас аралығында бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға кеңес:***

*Егер жасөспірім балаңыз туралы мазасыздана бастасаңыз, онда сізге өміріңізді өзгертіп, басқаша көзбен қарайтын уақыттың жеткені.*

*Алдымен балаңыз жасөспірім кезеңге аяқ басқанда оның бойында қандай өзгерістер болатынына назар аударайық. Сырт келбеті өзгереді. Жасөспірім үшін жаңа өзгерген дене бітімімен өмір сүру аса маңызды болып табылады. Оның үстіне сырт келбетке көп нәрсе байланысты екенін ұмытпайық. Әдетте әйел адам үшін уақыт өткен сайын ер адамның ақыл-парасаты маңызды болса, ер адам үшін әйелдің сұлулығы басты мәселе болып қала береді. Сондықтан бойжетіп келе жатқан қызыңыздың өзін, бет-әлпетін күтуіне баса назар аударыңыз. Жасөспірімдердің өзін салыстыра бастайтын өз сұлулық эталоны болатынын естен шығармаңыз. Кейде тіпті сырт келбеті оның келешек өміріне де әсер етуі мүмкін. Сондықтан олар көпшіліктен ерекшеленіп, көзге түсуді ойлайды.*





# *Мектеп жасындағы баланың тәрбиесіне қатысты кеңестер*


*Мектеп жасындағы қыз бала мен ер бала тәрбиесін негізінен 3 кезеңге бөлуге болады:*

- Бастауыш сыныптар кезеңіндегі тәрбиенің мақсаты-тазалыққа, ұқыптылыққа, жинақтылыққа үйрете отырып, баланың көп білуге құштарлығын арттыру.*
- 5-8 сыныптар арасында алғашқы кезеңдегі тәрбие түрлері әрі қарай дамытыла түседі. Бұл тұста жас ерекшелігіне қарай қыз бала мен ер бала анасынан ешнәрсе бүкпейді. Қит еткен нәрсенің бәрін анасына, әкесіне айтып береді. Сол шыншылдығымен ашықтығын пайдаланып баланың келешегіне ең керекті нәзіктік, ілтипаттылық, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тұрақтылық сияқты мінездерді қалыптастыру басты борыш.*
- 9-11 сыныптарда әрбір қыз бала және ер бала ата-анасын, туыстарын, ұстазын сыйлап қадірлей білуді үйренсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жақсы көретін мейірімді ана, әке шығары сөзсіз.*





*Қорыта келе адам баласы қасиетті борыштарын — үлкендерге құрмет, кішілерге мейірімділік, сондай-ақ адамгершілік және отансүйгіштік сезімдерін ананың құшағында, әкенің қара шаңырағында табады. Отбасы -сүйіспеншіліктің, инабаттылықтың, бастау бұлағы. Олай болса отбасының мәні зор.*



*Назарларыңызға  
РАХМЕТ!!!*

